



**«Өнерлі ұрпақ- кемел болашақ»
атты «өнер» пәнінің онкүндік есебі**

**Бірлестік жетекшісі:
Сапарова Нургуль Иззатовна**

01.03.2023-10.03.2023 ж

Өнер эстетикалық тәрбие берудің басты құралы. Себебі, өнер адамның рухани дамуы мен дүниетанымының қалыптасуына әсер етеді. Өнер бағыттарын зерттеу, білу арқылы адам баласы жан-жақты дамып келеді. Кейбір деректер бойынша жазу, сызу сөйлеуден бұрын осы «өнер» алғаш пайда болған делінеді. Алашқы адамдар сурет салу өнері арқылы ең алғаш ойларын тасқа сызып көрсеткен. Осы өнер түрі бүгінде адамның даму процесімен қатар дамып келеді. Осы бағытта жұмыс жасап жүрген өнер бірлестігінің мұғалімдеріде бүгінде өнер саласына өз еңбектерін қосуда. Тек сабақ процесінде ғана емес, сонымен қатар сыныптас тыс іс-шараларда осы бағытта түрлі нәтижелер көрсетті.

Апталықтың мақсаты мен міндеттері нақтыланған соң, аптаның әр күні әртүрлі жұмыстар атқарылып отырды. Әрине бұл пән мұғалімдері тарапынан өте үлкен ізденіс пен шығармашылықты талап етеді. Біздің пән бірлестігінің әр мүшесі осы талапқа сай бола алып, өз шығармашылықтары мен шеберліктерін көрсете білді.

№	Өткізілетін іс-шаралар	Өткізу мерзімі	Өткізу түрі Сыныптар	Жауапты
1	«Қиял әлемі» жеке шығармашылық көрмесі	02.03.2023 Холл	Каратаева Айдана 7 «Б» сынып оқушысы	Сапарова Н.И.
2	«Менің сүйікті үйірмем» тақырыбындағы 4-5 сыныптар арасындағы сурет байқауы	Апта бойы	4-5 сыныптар	Жапар Ж.Е.
3	«Сыйлық» тақырыбындағы мастер-класс	02.03.2023 Сағ: <u>15:50-де</u> <u>105 қаб</u>	3-4 сыныптар Қолөнер үйірмесі	Сапарова Н.И.
4	«Өнерлі өрге жүзер» квест ойыны	06.03.2023 Холл	7 А Ә Б В сыныптары	Сапарова Н.И. Жапар Ж.Е.
5	Спектакль “Peter Pan”	10.03.2023 Сағ: <u>14:00-де</u> <u>1-этаж холл</u>	5 «Г» сыныбы	Мананбаева У
6	«Fantasy world» ертегі кейіпкерлерін жасау (сайыс)	Апта бойын	6 сыныптар	Мананбаева У

Апталық барысында мұғалімдер ұйымдастырған іс-шаралар заман талабына сай өтті, соның ішінде оқушының жеке шығармашылық көрмесі, квест ойыны, театрланған көрініс.

Сапарова Нургуль ұйымдастырған Каратаева Айдананың «Қиял әлемі» жеке шығармашылық көрмесі екінші қабат фаесінде орналасты, бір апта бойы оның шығармашылығымен мектеп оқушылары танысып, тамашалай алды. Айданадан мектебіміздің блогер оқушылары сұқбат алып, көрме туралы және оның шығармашылығы жайлы мектебіміздің инста парақшасына жариялады.

Жапар Жәнібек 7 сынып оқушылармен «Өнерлі өрге жүзер» квест ойынын өткізді. Оқушыларға жауабын тез арада іздеп табуға арналған тапсырмалар берілді. Оқушылар жарыса қызығушылықпен бұл сайысқа қатысты.

Сонымен қатар Жапар Жәнібек «Менің сүйікті үйірмем» тақырыбындағы 4-5 сыныптар арасындағы сурет байқауын ұйымдастырды. Соңында жеңімпаздар анықталып мақтау грамоталарымен марапатталды.

Мананбаева Үммуғүлсім «Peter Pan» спектаклінен 5 г сыныбымен көрініс көрсетті. Көрініс бірінші этажда фаеде өткізілді. 4-5 сынып оқушылары көріністі тамашалап, риза болды. Оқушылардың драма сабағына деген қызығушылықтары арта түскендей көрініс болды.

Үммуғүлсім драма пәні бойынша сыныптан тыс «Fantasy world» ертегі кейіпкерлерін жасау сайысын өткізді. Оған 6 сынып оқушылары белсене қатысып, жоғары дәрежеде ертегі кейіпкерлерін жасай алды.



7 сынып оқушылармен «Өнерлі өрге жүзер» квест ойыны



«Fantasy world» ертегі кейіпкерлерін жасау сайысы